



МҰРАДЖ- ҚАЗАЛЫ

№17
(2292)
Сәрсенбі
12 наурыз
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
баслым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АЯУЛЫ ҰСТАЗДАР МЕН АРДАГЕРЛЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында білім саласында жемісті еңбек етіп жүрген ұстаз-аналар мен ардагерлерге, сондай-ақ Алтын алқалы аналарға құрмет көрсетті.

Аудандық білім бөлімінің мәжіліс залында өткен шарада аудан әкімі аяулы ұстаз-аналарға ыстық ықыласын жеткізіп, құттықтап, сөз сөйледі.

«Мемлекетіміздің дамуы жолында әйел-аналарға жүктелер міндет аса маңызды. Ол – ұлтты ұйыстыра отырып, елжанды ұрпақ тәрбиелеу, қоғамды ізгілендіруге ұйытқы болу. Ал бұл жолда Сіздердей ұлағатты ұстаздардың орны қашанда ерекше. Ұстаз де-



ген мәртебелі кәсіптің деңгейін мен тәрбие бере жүріп, аяу-төмендетпей, жас ұрпаққа білім лы ана атанған жандарға ай-

тар алғысымыз шексіз. Шуақты мерекелеріңізбен тағы да құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін» - деді аудан басшысы.

Мерекелік кездесуде №11 Балапан бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленуші өнерпаздары жетіген аспабында өндерін тарту етті. Бұдан кейін мереке иелеріне аудан басшысының құттықтауы табысталып, қыр гүлі мен сый-сыяпаттар үлестірілді.

Жиын соңында ардагер-ұстаздар сөз сөйлеп, мерекеге орай үлкен құрмет көрсеткен аудан әкіміне ризашылығын жеткізіп, ақжарма тілегін білдірді.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

БАСҚАРМА БАСШЫСЫ СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев Қазалы ауданына арнайы жұмыс сапарымен келді.

Іс-сапарда Басқарма басшысы Қазалы ауданындағы спорт мектептерінің жұмысымен етене танысып, ауданның жас спортшыларымен кездесті.

Облыстық басқарма басшысы ең алдымен Қазалы ауданының №17 олимпиадалық

резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне барды. Аталмыш мектепте 1644 спортшы және 48 жаттықтырушы бар. Мектепке қарасты Әйтеке би кентінде орналасқан дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде 122 бала олимпиадалық спорт түріне жататын грек-рим күресі және дзюдомен тұрақты шұғылданады.

Бахтияр Ғарифоллаұлы мектепке қарасты бокс

орталығына арнайы барды. Орталықта 110 бала және 4 жаттықтырушы бар. Нысанды толық аралаған басқарма басшысы бокс орталығында кемшіліктер бар екенін айтып, мектеп директорына қатаң ескерту жасады.

Бахтияр Ғарифоллаұлының жұмыс сапары Жанқожа батыр аулындағы спорт кешенінде жалғасты. Мұнда бокс, волейбол, қазақ күресіне 154 спортшы тіркелген. Басқарма басшысы бұл нысанда да кемшіліктер бар екенін айтып, мектеп директорына жуық арада мәселені шешуді тапсырды.

Келесі кезекте басқарма басшысы Ү.Түктібаев аулындағы спорт кешенінің жұмысымен танысты. Бұл орталықта 128 бала волейбол және қазақ күресімен айналысады.

Басқарма басшысына Қазалы ауданының №18 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жұмысы таныстырылды. Қазалы қаласында орналасқан мектепке қарасты ғимаратта олимпиадалық спорт түрі бокс, таевкондо

және футболмен 206 спортшы жаттығады. Басқарма басшысы мектеп директорына алғашқы медициналық көмекке қажет дәрі-дәрмектерді толықтыру керектігін айтып, ескерту жасады.

Сапар соңы Қ.Пірімов аулындағы спорт кешенінде жалғасып, бокс және волейбол спорты бойынша балалардың дайындық барысы таныстырылды.

Қазалы ауданының спортшылары өткен жылы Әлем чемпионаттарында 1 алтын, 4 күміс, 7 қола жеңіп алса, Азия чемпионаттарынан 3 алтын, 28 күміс, 47 қола алды. Ал ҚР чемпионаттары мен кубоктарынан 30 алтын, 28 күміс, 47 қоланы еншіледі.

Айта кетейік, басқарма жанынан құрылған арнайы комиссияда спорт мектептерінің олимпиадалық спорт түрі бойынша жалпы нәтижелері, спортшылардың жүйелі жарыстарға қатысуы, жарыс көрсеткіштері талқыланып болады.

Комиссия қортындысымен мектеп директорларына ротация тәртібі бойынша тиісті жұмыстар жүктеледі.

**Қызылорда облысының
дене шынықтыру,
спорт және туризм
басқармасы**

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Жәнібек Алиев,
аудан әкімінің орынбасары

(Жалғасы. Басы өткен номерде)

Ақпараттық қоғам мен саясат

Ауданның медиа кеңістігінде 4 бұқаралық ақпарат құралдары (2 газет, 1 телеарна, 1 интернетсайт) жұмыс істейді. Атап айтқанда, аймақтық «Тұран Қазалы», «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты аудандық «Қазалы» газеттері, «Serik TV» телеарнасы және аудан әкімдігінің интернет сайты. Баспа басылымдары мен жергілікті телеарна мемлекеттік тілде ақпарат таратса, әкімдіктің сайты оқырмандарына қазақ және орыс тілдерінде ақпарат ұсынып келеді.

2024 жылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бағытында 7 лотқа аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілді. Облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен өтетін мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу конкурсы бойынша комиссия отырысының хаттамаларына сәйкес 2 газет, 3 телеарнамен келісім-шарт жасалған. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Интернет ресурстар және әлеуметтік желілер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты ұйымдастыру, қоғамдық-саяси ахуалға мониторинг жүргізу» және Қазалы ауданының қоғамдық саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын, өзге де шараларды және жергілікті атқарушы органның қызметін интернет сайттар арқылы ақпараттандыру қызметі (OPEN NEWS)» бойынша 2 әлеуметтік жоба жүзеге асырылған.

Жоспарлаған жұмыстардың нәтижесінде жыл көлемінде республикалық сайттарда, газеттерде, телеарналарда және әлеуметтік желілерде 6525 (сюжет, мақала, пост, бейнежазба, инфографика, тағы басқа) ақпараттық-имидждік, тәрбиелік-танымдық материалдар шығарылды.

Позитивті жарияланымдар бойынша республикалық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында 930, сайттарда 360, жергілікті газеттерде мен интернет ресурстарында 1900, бөлімдердің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында 2935 материал жарияланған.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық, рухани және мәдени дамуын оң имидждік бағытта ақпараттық сүйемелдеуге арналған медиа жоспар бойынша республикалық, облыстық және жергілікті БАҚ беттерінде 400-ден астам материал жарық көрді.

Оның ішінде, мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында облыстық және жергілікті телеарналар эфирінен 100-ге жуық сюжет, жергілікті баспа

БАҚ беттерінде 200 мақала, республикалық және жергілікті интернет ресурстарда 100-ге жуық материал жарыққа шығарылды.

Азаматтық қоғамның дамуы – ел бірлігінің кепілі

Аудандық қоғамдық даму бөлімі азаматтық қоғамға қолдау көрсетуде, мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдануда. Белсенді азаматтық қоғам құру үшін үкіметтік емес ұйымдардың беделін арттыруда үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен әрдайым тығыз байланыста жұмыс істеп келеді.

Бүгінгі күні аудан көлемінде 56 үкіметтік емес ұйым (қоғамдық бірлестік 38, қоғамдық қор 16, бірлестік филиалы 2) тіркелсе, олардың ішінде 15 қоғамдық ұйым аудандағы қоғамдық шараларға белсене атсалысып келеді.

Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын жандандыру бағытында аудан әкімі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрамына 7 үкіметтік емес ұйым жетекшілері мүшелікке енгізілген.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландырудың салалық бағытын кеңейтуде жасалып жатқан жұмыстар аз емес. Нақтырақ айтқанда, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа бөлінетін қаржының көлемі жыл сайын артып келеді.

Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік-маңызды жобаларын жүзеге асыру бойынша 2024 жылға аудандық бюджеттен 49 млн 364 мың теңге қаржыға 15 әлеуметтік жоба (аудандық қоғамдық даму бөлімі бойынша 4 негізгі және 7 қосымша, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 2, аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі 1, Әйтеке би кенті әкімдігі 1) іске асырылды. Әлеуметтік жобалар аясында жыл ішінде 3500-ден астам түрлі санаттағы топтармен 365 іс-шара ұйымдастырылады.

Ұлттық идеологияның негізі – руханият

Ұлттық идеологияның негізі ұлттық құндылықтарымызды – атамекенімізді, ана тілімізді, төл мәдениетіміз бен салт дәстүрлерімізді дәріптеп, болашақ ұрпаққа насихаттау, жас буын арасында ұлтжандылықты дамыту күн тәртібінен түспейтін қағида. Осы ретте, қоғамдық даму бөлімі жыл көлемінде аудан көлемінде өткізілетін қоғамдық-саяси маңызды шаралардың күнтізбелік жоспарын бекітіп, оған 274 мәдени-көпшілік, рухани танымдық іс-шаралар енгізді. Бекітілген жоспар аясында 203 ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелер, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар, 57 мерейтой, 14 еске алу шаралары өз

дәрежесінде ұйымдастырылып өткізілді.

Өткен жылы ауданымызда республикалық дәрежеде үш жүздің атақты билерінің бірі Әйтеке бидің туғанына 380 жыл, Халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының туғанына 250 жыл толуына орай бабалар есімін ұлықтау мақсатында кешенді іс-шаралар ұйымдастырылды.

Әйтеке би Бәйбекұлының 380 жылдығына арналған «Тектисөздің төресі» атты республикалық ғылыми танымдық конференция ұйымдастырылды. Конференцияға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов пен облыстың зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен еңбек ардагерлері қатысты.

Іс-шарада Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Берекет Кәрібаев «Әйтеке би және оның заманы», фольклортанушы, филология ғылымдарының кандидаты Берік Жүсіпов «Әйтеке би: мұрағат мәліметтерін қайта зерделеу мәселесі» тақырыбында баяндама жасады. Көтерілген тақырыптар бойынша қатысушылар өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Сонымен қатар, қоғам қайраткері, республикалық Жалаңтөс баһадүр қорының президенті Нахмадин Мұсабаев, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Өтеубай Қожақов сөз сөйледі.

Келесі күні өткен «Ұлт азаттығы қозғалысы және Жанқожа батыр» атты ғылыми-танымдық конференцияда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов «Жанқожа Нұрмұхаммедұлы және ұлт-азаттық көтеріліс (жаңа мұрағат деректері негізінде)», Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты Молдахмет Қаназ «1856-1857 жылдары Жанқожа Нұрмұхаммедұлы бастаған Сырдария шаруаларының көтерілісі. Себебі. Барысы. Бағалануы. Батырдың тағдыры» тақырыбында баяндама жасады. Ғалымдар ұсынған тың деректерге орай қатысушылар ой-пікір өрбітті.

Сонымен қатар, Парламент Сенатының депутаты, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Наурызбай Байқадамов, журналист, филология ғылымдарының кандидаты Нұрлан Көбегенұлы сөз сөйледі. Бұдан басқа аталған шараға зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен

еңбек ардагерлері қатысты.

Мерекелер аясында батыр балалар рухына тағзым ету рәсімі, «Елі үшін туған ер Жанқожа» атты театрландырылған қойылым, «айыр тілді Әйтеке би» атты облыстық ақындар мұшайрасы, қазақ күресінен республикалық турнир, баба рухына арналған ас, «Халқына қорған болған батыр баба» атты республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылып, 10 мың адам қамтылған.

Сондай-ақ, Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына және Невада-Семей антиядролық қозғалысының құрылғанына 35 жыл мерейтойлық мәдени іс-шаралар кешені (жыл көлемінде 35 іс-шара) жоғары дәрежеде өткізілді. Маңызды шаралар жоспарына енгізілген 274 іс-шараның 269-ы өз дәрежесінде ұйымдастырылды. Ал, 5 іс-шараның форматы ауыстырылып, 2025 жылдың күнтізбелік жоспарына енгізілді.

Рәміздерді құрметтеу – әрбіріміздің парызымыз

Ауданда мемлекеттік рәміздерді насихаттау, халықтың рәміздерге деген құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында мемлекеттік рәміздер жөніндегі аудандық комиссия тұрақты жұмыс істеп келеді.

Аудандық комиссия мүшелерінің қатысуымен мемлекеттік мекемелердегі рәміздердің жай-күйі күнделікті қатаң бақылауға алынып, мекемелер мен аудан әкімдігіне қарасты барлық дербес бөлімдер, кент және ауылдық округтерде мемлекеттік рәміздердің қолдануы, насихаттау шаралары бойынша 4 мәрте зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Осы зерделеу барысындағы анықталған кемшіліктер бойынша тиісті сала басшыларына ескертулер жасалып, дер кезінде қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, бөлім қызметкерлері тарапынан мекемелердегі мемлекеттік рәміздердің стандартқа сай қолданылуы мен орналастырылуы жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері күні мерекесіне орай кент және ауылдық округтерде, ауданның білім беру мекемелерінде Мемлекеттік рәміздерді насихаттау, ұлықтау мақсатында 56 патриоттық шаралар өткізілді.

Ұлттық маңызы бар мерекені атап өту кезінде елді-мекендердің орталық алаңдарында, ірі сауда орталықтары, халық көп жиналатын орындарда, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда және бюджеттік мекемелерде Мемлекеттік Гимн бір мезгілде орындалып, аудан тұрғындары жалпы республикалық акцияға атсалысты.

(Жалғасы бар)

НӘЗІКЖАНДЫ ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында аудандық партия филиалының ұйымдастыруымен мерекелік шара өтті. Онда партия белсенділері мен түрлі салада еңбек етіп жүрген еңбек адамдарына құрмет көрсетілді.

Кездесуге білім, мәдениет, денсаулық сақтау, теміржол, БАҚ саласының өкілдері, кәсіпкерлер және көпбалалы аналар қатысты. 50-ге жуық нәзік жандылардың басын қосқан салтанатты шарада жұмысшы мамандарына ерекше көңіл бөлінді.

Аудандық партия филиалының төрағасы Ғазиз Әліш жиналғандарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады.

– Баршаңызды көктем мерекесімен құттықтаймын. Бүгінде әйел-аналар – отбасының ұйытқысы ғана



емес, қоғамның тірегі, ұлт болашағының алтын қазығы. Дана халқымыз қашанда анасын ардақтап, аруларын

сыйлай білген. Қыздарын қадірлеп, төріне шығарған. Бұл – ежелден қанымызға сіңген асыл қасиет. Бүгінде

мемлекетіміз әйелдер құқығын қорғауға, оларға жан-жақты жағдай жасауға әрдайым баса мән беруде. «AMANAT» партиясы да бұл бағыттағы үлкен бастамаларға ұйытқы болуда, – деді Ғазиз Әлмәмбетұлы.

Мұнан соң нәзік жандыларға облыстық партия филиалының төрағасы А.Есмахановтың мерекелік құттықтауы мен аудандық партия филиалының төрағасы Ғ.Әліштің Алғыс хаты, гүл шоқтары мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Өз кезегінде аудандық мәслихаттың депутаты Күншығар Әбілов пен аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Роза Асанова мерекелік лебіздерін білдірді.

Салтанатты шара әрі қарай аудан өнерпаздарының мерекелік әнімен жалғасып, қортындыланды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатер мен сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу, кінәлілерді жауапқа тарту міндеттелген. Бүгінде сыбайлас жемқорлықпен күресу күрделі мәселесі болып отыр.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қызметкерлердің қызмет өкілеттігін теріс пайдалануы, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалануы, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, жалған жауап беру, немесе жауап беруден жалтару, жалған қорытынды беру не қате аудару, сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамауы, осындай қылмыстар жемқорлық, сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік–экономикалық дамуды, нарықтық экономиканы құруда инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек. Халық

өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да жемқорлықпен аяусыз күресуіміз керек.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің және аудан әкімдігінің қаулыларын басшылыққа алып, орындау мақсатында жұмыстар жүргізуде.

Ай сайын бөлім қызметкерлерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл жайын талқылау, арыз шағымдарды қабылдау, тіркеу заңдылықтарының сақталуы, заңдылықтардың орындалу барысы туралы мәселелер талқыланып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған тиісті жұмыстар атқарылуда.

Бөлім қызметкерлері сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіп, қызметкерлердің функционалдық міндеттерін атқару барысында «Мүдделер қақтығысын» болдырмау үшін түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

Мүгедектігі бар адамдарға жеке оңалту бағдарламасына сәйкес берілетін техникалық оңалту құралдарын 2020 жылға дейін бөлім арқылы беріліп, 2021 жылдан бастап барлық әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге жүгіну толық цифрландырылып, қазіргі таңда электронды үкімет порталы (ПРОАКТИВ, ПЭП, ИСЦОН, АИС «Е СОБЕС») арқылы жүзеге асырылады. Оның ішінде (мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық, көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу, мүгедектігі бар адамдарды техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу, естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің қызметтерімен қамтамасыз етуге) мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрлері бар.

Жоғарыда атқарылған шаралардың барлығы қызмет беруші мен қызмет алушы

арасындағы тікелей байланысты азайтуға бағытталған.

Сонымен қатар бөлімде өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы қамтамасыз етілген. Осыған сәйкес келген қызмет алушы көрсетілетін қызметтерді өзі таңдауға жағдайлар жасалған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығында бөлімнің 3 мемлекеттік қызметкері, 6 әлеуметтік қызметкері, 4 келісім шартпен жұмыс істейтін қызметкерлер білімін көтерді.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңының нормаларын қатаң сақтау бойынша ай сайын мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен Қазақстан Республикасының «Әлеуметтік Кодексі», «Бюджет кодексі», «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы» «Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №275 бұйрығы» талаптары бойынша «Аз қамтамасыз етілген отбасыларына тұрғын үй көмегін беру туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» қағидаларын және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» кодексін түсіндіру мақсатында тұрақты түрде құқықтық оқулар өткізіліп келеді.

Совет БАБАНАЕВ,
«Қазалы ауданының
жұмыспен қамту
және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

**ЭСЕР ЕТУ СКРИНИНГІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАНДЫРУ**

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 55-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу үшін мынадай құжаттар (бұдан әрі - СЭБ материалдары) келіп түсті:

- Құжаттарды тексеру кәтижелері туралы есеп – «ауданы 76,0 га болатын Қызылорда облысы Қазалы ауданы, Әйтеке би кентін егжей-тегжейлі жоспарлау».

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Казгипроград» ЖШС.

СЭБ материалдарына тапсырыс беруші: «Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) төменде аталған мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын білдіруге шақырамыз:

1) жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) Жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және

халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты Сізде өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың жобалық мерзімі 2030 ж.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау бойынша рәсімдерді өткізу мерзімі: 2025 жылғы 6 наурыздан бастап 28 наурызға дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2025 жылдың 28 наурызы).

Байланыс деректері:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі - Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8

Экологиялық саясат департаменті

Тел.: 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде төменде көрсетілген мекенжайларға жіберуге болады:

- Экология министрлігі кеңсесінің электрондық мекенжайына электрондық түрде: k.kense@ecogeo.gov.kz (сіздің құжатыңызды Канцелярияның алғаны туралы +7 7172 74-08-44 телефоны арқылы нақтылау қажет);

- e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;

СЭБ бойынша материалдар:

1) Экология министрлігінің сайтында («Қызмет» бөлімі) «Негізгі құжаттар» – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

2) Тапсырыс берушінің сайтында: «Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

**ОБЪЯВЛЕНИЕ
О РАССМОТРЕНИИ СКРИНИНГА ВОЗДЕЙСТВИЙ**

В соответствии с пунктом 6 статьи 55 Экологического кодекса Республики Казахстан в Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан для проведения стратегической экологической оценки поступили следующие документы (далее - материалы СЭО):

- Отчет по скринингу воздействия Документа – «Проект детальной планировки площадью 76,0 га в к. Айтеке би Казалинского района Кызылординской области».

Разработчик материалов СЭО: Товарищество с ограниченной ответственностью «Проектный институт «Казгипроград».

Заказчик материалов СЭО: Коммунальное государственное учреждение «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района»

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующим вопросам:

1) может ли реализация Проекта оказывать существенные воздействия на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2) какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Проекта и почему?

3) считаете ли Вы необходимым проведение СЭО? Какая информация интересует Вас и почему?

4) имеются ли у Вас иные

замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Проекта на окружающую среду и здоровье населения?

Проектный период действия стратегического документа: 2030 год.

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: с 6 марта до 28 марта 2025 года (последний день приема замечаний и предложений – 28 марта 2025 г.)

Контактные данные:

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

г. Астана, пр. Мангилик-Ел, 8 Департамент экологической политики

Тел. 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Замечания и предложения в письменном виде можно направлять:

- в электронном виде на эл.адрес Канцелярии Министерства экологии: k.kense@ecogeo.gov.kz (необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону: +7 7172 74-08-44);

- на e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;

Материалы по СЭО размещены:

1) на сайте Министерства экологии (раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка»)

2) на сайте заказчика Коммунальное государственное учреждение «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района»

● Көңіл айту

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, «Жанқожа батыр» мешітінің баспасөз хатшысы, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері, газетіміздің белсенді тілшісі Беганыш Жақсыбаевқа зайыбы

АҚЖЫҒА

СЕЙФУЛМҮЛІКҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖҰМЫС БЕРУШІ ЖҰМЫСКЕР ЕҢБЕК (ҚЫЗМЕТТІК) МІНДЕТТЕРІН АТҚАРҒАН КЕЗДЕ ОНЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН САҚТАНДЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТҮСІНДІРМЕ

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің (әрі қарай Кодекс) 182 бабы, 2-тармағының 14 тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға және жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жіберуге міндетті.

Кәсіпкерлік субъектілері жұмыс берушілер тарапынан жұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсарту және еңбек қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз ету шаралары маңызды болып табылады.

Кодекстің 196 бабының 2 тармағына сәйкес, мемлекеттік органдар мемлекеттік еңбек инспекторына Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін орындауына жәрдемдесуге міндетті.

Осы орайда, заң бұзушылықтардың алдын алу және жою мақсатында («Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 230-бабы) қолданыстағы заң талаптарына сәйкес ірі және орта, шағын кәсіпорындар (жұмыс берушілер) жұмыскерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу қажет.

Бұл жөнінде толық ақпарат алу үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 23-2-62 байланыс телефонына хабарласуға болады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.